

# Қазақ тілінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш сыныпта тиімді оқыту тәсілдері» тақырыбындағы біліктілік арттыру курсының білім беру бағдарламасы

## 1. Жалпы ережелер

*Білім беру бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) өзектілігі.*

Қоғамның назарын педагогикалық білім берудің заманауи трендеріне аудару. Бүгінгі күннің басты тенденциясы - бұл бастауыш сынып мұғалімдеріне қойылатын жаңа міндеттер, жаңаша көзқарас, жаңаша оқыту. Өйткені кез-келген мамандық иегері бастауыш сынып мұғалімінен тәлім-тәрбие алады. Бастауыш мектептің негізгі міндеті – жеке тұлғаны дамытып, оның алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, білімге деген сенімін нығайту, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастыру, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру болып табылады. Баланы бастауыш сыныптан бастап шығармашылық ойлауға, өз бетінше шешім қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы.

Источник: <https://www.tarbie.kz/25978>

Бұл бағдарлама заман қарқынымен дамып келе жатқан ұрпақтың сабаққа қызығушылығын арттыратын, зейінін шоғырландыра білетін, мидың жоғары психологиялық қызметтерінің жұмысын дамыта білетін мұғалімдерді дайындауға бағытталған.

Бағдарлама ресейлік нейропсихолог, профессор Александр Романович Лурияның зерттеулеріне, американдық нейрофизиолог Гленн Доманның глобалды оқытуына сүйеніп жасалған. Яғни, оқушының психологиялық, эмоционалдық күйін бақылап, біліміне сауатты диагностика жасап, оқудағы қиыншылықтарды және оның себебін анықтап, оларға түзету жұмыстарын жүргізу үшін осы курсты енгізу маңызды.

*Бағдарламаның бағыттылығы*

"Бастауыш сыныпта тиімді оқыту тәсілдері" курсы педагогтердің біліктілік құзыреттерін жетілдіруге бағытталған.

## 2. Глоссарий

Глоссарий	Сипаттамасы
Диагностика	Балаға жылдам және тиімді көмектесу техникасы,

	баланың негізгі мәселесін тез әрі нақты тауып, түзету жұмысына бағыттау, ата-анасына кеңес беру, баланың психикасына нұқсан келтірмей сабаққа қызықтыру
Эксперт	Белгілі бір салада ерекше білімі мен тәжірибесі бар маман. Бастауыш сынып expertі - бастауыш сынып оқушысының эмоционалдық, психологиялық жай күйінен бастап ми анализаторларының жұмысын зерттей білетін маман.
BRAIN-тренер	Есте сақтау, зейін, ЖПҚ, ойлау, жылдам оқумен жұмыс жасайтын expert маман
Нейропедагогика	Ми жұмысын белсендіру арқылы оқыту
Жоғары психологиялық қызметтер (анализаторлар)	Ми арқылы жүзеге асатын әрекеттер: көру, есту, дәм сезу, иіс сезу, сипап сезу
Коррекция	Кез келген бұзылыстарды қалыпқа келтіру жұмысы
Дислексия	«Дис» - бұзылыс, лексия – оқу, яғни оқудағы бұзылыстар
Дисграфия	Жазудағы бұзылыстар
Дискалькулия	Математикада кездесетін бұзылыстар
Қарым-қатынас	өзара түсіністікке әкелетін, жеке қарым-қатынастарды да, талқылау барысында қалпына келтірілген және өзгертілген икемді әлеуметтік тәртіп түрін де орнататын қарым-қатынас
Фрирайтинг	Үздіксіз хат, яғни ми тазарту техникасы
Жедел жады	Ақпараттың 2-3 сағатқа дейін есте сақталуы

Қысқа мерзімді жады	Ақпараттың 4-5 күн есте сақталуы
Ұзақ мерзімді жады	Ақпараттың біірнеше жылдарға дейін ұмытылмай, тұрақты түрде есте сақталып қалуы
прокрастинация	Істі ертеңге қалдыру, жалқаулық
Тайм-менеджмент	Жасалатын әрекеттерді белгілі бір уақытқа шектеу, яғни өз мерзімінде орындау арқылы жауапкершілікті арттыру

### 3. Бағдарлама тақырыбы

1.Нормативтік-құқықтық модуль	<p>1.1. Нормативтік және құқықтық актілермен бекітілген жалпы орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен принциптері .</p> <p>1.2. «Бастауыш сыныпта тиімді оқыту тәсілдері» курсының тұжырымдамалық негіздері.</p>
2.Мазмұндық модуль	<p>2.1.Білім берудің сапасын, теңдігін және тиімділігін қамтамасыз етудегі нейропедагогиканың рөлі.</p> <p>2.2. Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушыны зерттеу, түсіну, диагностикалау, сапалы түзету дағдыларды дамыту.</p> <p>2.3. 6-12 жас аралығындағы балалардың жадысын зерттеудегі халықаралық тәжірибе. Оқушылардың икемді дағдыларын дамытуға арналған практикалық тапсырмаларды құрастыру.</p> <p>2.4. Курс бойынша сабақтарды өткізудің айрықша ерекшеліктері. Білім алушылардың зейінін шоғырландыру, есте сақтау дағдыларын дамытуға арналған жұмыстың белсенді тәсілдері.</p> <p>2.5. Біздің өміріміздегі ми қыртысының маңызы. Тәжірибелік іс-әрекет арқылы ми жұмысын активтендіру тәсілдерін үйрету.</p>

	<p>2.6. Оқушы оқуындағы қиыншылықтардың себебін анықтау диагностикасын жасай білуге үйрету, ата-анаға кеңес беру арқылы бала болашағына дұрыс бағыт.</p> <p>2.7. Қазіргі қоғамдағы қауіп-қатер. Адам өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ситуациялық тапсырмаларды талдау.</p> <p>2.8. Дислексия. Дисграфия. Дискалькулия. Оқуда, жазуда, математикада кездесетін бұзылушылықтар Интернеттегі ақпарат көздерінің сенімділігі.</p> <p>2.9. Бұзылушылықтардың алдын алу, түзету жұмыстарының белсенділігін жүзеге асыру тәсілі.</p> <p>2.10. Ата-анамен жұмыс қарқынын өсіру</p> <p>2.11. Сабақтарды өткізудің инновациялық түрлері (эвристикалық әңгімелер, панельдік дискуссиялар, шығармашылық шеберханалар, іскерлік және рөлдік ойындар, практикумдар).</p> <p>2.12. Сабақта ақпаратты болжау, талдау және бағалау дағдыларын дамытудың әдістері мен тәсілдері.</p> <p>2.13. Алгоритмдік ойлау туралы түсінік.</p> <p>Білім алушылардың алгоритмдік және аналитикалық ойлауын жаттықтыру тәсілдерін құрастыру.</p>
Жиынтық бағалау	<p>Қорытынды тестілеу.</p> <p>Жобаға дайындық және қорғау.</p>

#### 4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

*Мақсаты:* заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқудағы қиындықтарды шешу.

*Міндеттері:*

1) баланың оқудағы қиындығын диагностикалау, талдау, түзету жұмыстарын жүргізе алу;

2) нейропедагогика саласын үйрену, практикада қолдану;

3) Зейін, қабылдау, есте сақтау қызметтерін дамыту (рөлдік ойын, топтық жұмыс, сызбаларды, карталарды құру, постер, сызбаларды құру; жобалық жұмыс, конкурстар, жарнамалар, ситуациядан шығу, зерттеу);

4) Қимыл-қозғалыс, нейрожаттығуларды сабақта пайдалана білу;

5) Ата-анамен бірлесе отырып кез-келген қиындықтың шешімін табу.

*Күтілетін нәтижелер:*

Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушы:

- Оқудағы бұзылысты анықтау үшін Диагностика жасай алады;

- Баланың оқудағы, жазудағы, математикадағы кез-келген қиыншылығын шешу жолдарын біледі;

-әр балаға жеке оқыту алгоритмін құрып, бағдарлама әзірлейді;

-курстың мақсаттарын жүзеге асыру және негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін оқытудың тиімді инновациялық әдістерін талдайды және таңдайды;

- Өзінің де баланың да өзіндік бағасын (самооценка) көтереді

## 5. Бағдарламаның мазмұны мен құрылымы

1 - модуль Кіріспе	Тақырып 1.1 Бастауыш сыныпта оқитын баланың физиологиялық, психологиялық, эмоционалдық дамуы, <i>1 сағат</i>  <i>Қысқаша мазмұны:</i>  Баланың дамуында кездесетін бұзылыстармен және олардың оқуға тигізетін әсерімен таныс болу. Білім беру ұйымдарындағы педагогтердың мемлекеттік стандарт аясында нейрожаттығуларды енгізу жолдары. Курс мазмұнына, мақсат, міндеттеріне шолу.
	Тақырып 1.2. Ми бөліктері <i>2 сағат</i>  <i>Қысқаша мазмұны:</i>  Ресейлік нейропсихолог А.Р. Лурияның зерттеуі бойынша ми бөліктері, олардың қызметі және оқушының білім алуына әсері
2-модуль	Тақырып 2.1. Базалық диагностика. <i>2 сағат</i>

Диагностика	<p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>оқушының оқудағы қиындығын және оның түпкі себебін анықтау үшін диагностика жасауға үйрену. Зейін, қабылдау, талдау, есте сақтау (көру, есту, қимыл-қозғалыс) қабілеттерін зерттей алу</p>
-------------	--

	<p>Тақырып 2.2. Бастауыш сынып оқушысының физиологиялық, психологиялық, эмоционалдық дамуы 2 сағат</p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Баланың денесін басқара алуы, сезінуі, тепе-теңдік сақтай білуін бақылай алу, өзіне қызмет ету деңгейін байқау, кеңістікті бағдарлай білуін анықтау</p>
	<p>Тақырып 2.3. Бала психотипін анықтау 2 сағат</p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>баланың психотипін анықтай отырып, олармен қалай жұмыс жасауға болатындығын үйрену.</p>
<p>3 - модуль</p> <p>Оқу дегеніміз не?</p>	<p>Тақырып 3.1 Оқу техникасын меңгерудегі қиындықтар 1сағат</p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Оқуда кездесетін қиындықтарды анықтап, оларды шешу жолдарын талдау.</p>
	<p>Тақырып 3.2 Оқырман мотивациясы 1сағат</p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Оқырман қызығушылығының болмау себебі, мотивациямен жұмыс.</p>
	<p>Тақырып 3.3 Түзету жұмыстарының принциптері 1сағат</p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Оқуда кездесетін қиыншылықтарды шешуге бағытталған түзету жұмыстары, олардың түрлері.</p>

	<p>Тақырып 3.4 Көз қозғалысына арналған сабақ <i>Ісағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Көздің көру аймағын кеңейтуге арналған жаттығуларды жасау, оның пайдасы және жылдам оқуға тигізер маңызын айқындау.</p>
	<p>Тақырып 3.5 Көру жадын дамыту <i>Ісағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Көру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту жұмыстары, кездесетін бұзылыстарды түзетуге арналған жаттығулар.</p>
	<p>Тақырып 3.6 Есту жадын дамыту <i>Ісағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Есту арқылы есте сақтау қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулар тобы, кездесетін бұзылыстарға тоқталу.</p>
	<p>Тақырып 3.7 Қимыл-қозғалысты дамыту <i>Ісағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Қимыл-қозғалыстың тапшылығы салдарынан кездесетін қиындықтар, оларды шешуге арналған жаттығулар арқылы есте сақтауды дамыту.</p>
	<p>Тақырып 3.8 Баспа әрпінің бейнесін меңгеруде кездесетін қиындықтар <i>Ісағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Баспа әріптердің бейнесін таныту, оны меңгертуге арналған жаттығулар, кездесетін қиыншылықтардың шешімі.</p>

	<p>Тақырып 3.9 «Оқу оңай. Әріптен буынға, буыннан сөзге» кітабына шолу <i>Ісағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>«Оқу оңай. Әріптен буынға, буыннан сөзге» кітабымен жұмыс жасау арқылы дыбыстар мен әріптерді таныту, буындап оқуға үйрету, балалардың зейінін, көру жадысын дамытатын жаттығулар тобына талдау жасау</p>
	<p>Тақырып 3.10 Ереже бойынша әріптерді оқу <i>Ісағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Әріптерді таныту жұмыстары, жаттығулар, ойындар.</p>
	<p>Тақырып 3.11 Буындарды біріктірудегі қиындықтардың себептері <i>Ісағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Әріптер мен дыбыстарды таныту жұмыстары, олардан буын құрастыруда кездесетін қиыншылықтар және оларды шешу бойынша жасалатын жаттығулар, ойындар.</p>
	<p>Тақырып 3.12 Айналылық оқудың шешімі <i>Ісағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Айналылық немесе керісінше оқудың себептері, оларды шешу.</p>

	<p>Тақырып 3.13 Бірнеше дауыссыз дыбыс қатар келетін буындарды оқудың қиындығы <i>1сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Буын, олардың түрлері, бірнеше дауыссыз дыбыс қатар келген жағдайда жіберілетін қателіктер, олардың шешімі.</p>
	<p>Тақырып 3.14 Ереже бойынша әріптерді оқу <i>1сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Әріптерді таныту жұмыстары, жаттығулар, ойындар.</p>
	<p>Тақырып 3.15 Сөзді, сөйлемді қайталаудағы қиындықтар <i>1сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Регрессия туралы түсінік, оның себептері, шешу жолдары.</p>
	<p>Тақырып 3.16 Өлеңді мәнерлеп оқу, тыныс белгілер мен ережелер <i>2 сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Өлеңді мәнерлеп оқу құпиялары, тыныс белгілерді дұрыс қоя білу ережелерімен танысу</p>
	<p>Тақырып 3.17 Артикуляциялық жаттығулар <i>2 сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Дыбысты анық, еркін айту үшін артикуляциялық аппарат қызметін жетілдіру, жаттығулардың пайдасы, дикция қою.</p>

	<p>Тақырып 3.18 Жедел жады. <i>1сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Федоренканың «Көру диктанты» әдісімен танысу, жұмыс жүргізу тәсілдерін үйрену.</p>
	<p>Тақырып 3.19 Шапшаң оқу <i>1сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Зайцев әдісі бойынша шапшаң оқуды қалыптастыру.</p>
	<p>Тақырып 3.20 Мәтінді оқуда кездесетін қиындықтар <i>2 сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Мәтінді түсініп оқу әдістерін үйрену, жаттығу жұмыстары.</p>
	<p>Тақырып 3.21 Таныс емес сөздермен жұмыс <i>1сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Сөздік жұмысын жүргізу тәсілдері.</p>
	<p>Тақырып 3.22 Зейінді дамытуға арналған жаттығулар <i>1сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Баланың оқуында маңызды роль атқаратын зейін, оны дамыту жолдары мен жаттығулар жиынтығымен таныс болу.</p>

	<p>Тақырып 3.23 Елестетуді және ойлау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар <i>1 сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i> Баланың затты елестету арқылы бейнені қалыптастыру және ойлау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар жиынтығы, оларды сабақта қолдана білу.</p>
	<p>Тақырып 3.24 Интеллект-картамен жұмыс <i>4 сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i> Мәтінмен жұмыс жасаудағы жаңаша тәсілдермен таныс болу.</p>
	<p>Тақырып 3.25 Мазмұндау. Суретпен жұмыс <i>2 сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i> Мәтінді мазмұндауда қиналатын оқушылармен жұмыс жасау әдістерімен танысу, балық техникасы.</p>
	<p>Тақырып 3.26 Оқу курсы бойынша кітаптарға шолу <i>2 сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i> Оқу оңай -1, 2; жасырын әріпті тап, суретті ертегі кітаптарына, тапсырмаларына шолу, практикалық жұмыс</p>
4 – модуль Жазу курсы	<p>Тақырып 4.1 Жазу курсында ескеретін мәселелер <i>1 сағат</i></p> <p>Курс туралы мағлұмат беру, жазуда кездесетін проблемалардың шығу, пайда болу себептерімен танысу.</p>

	<p>Тақырып 4.2 Жазудың психологиялық, нейропсихологиялық құрылымы <i>1сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Жазуда кездесетін бұзылыстардың бала психикасына кері әсері, онымен жұмыс жасау негіздеріне тоқталу.</p>
	<p>Тақырып 4.3 Дисграфия. Дислексия <i>4 сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Терминдермен танысу, оқу мен жазуда кездесетін бұзылыстар және оларды шешу жолдары.</p>
	<p>Тақырып 4.4 Қызметтің белсендіруші компоненттерінің тапшылығы <i>1сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Жоғары психологиялық қызметтер жұмысы, оның белсендіруші компоненттері, тапшылықтың оқуға кері әсері.</p>
	<p>Тақырып 4.5 Энергетикалық блоктың жазуға әсері <i>2сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Ми бөлігінің бірінші блоктағы тежеулердің баланың жазуына қалай әсер етеді, ол үшін қандай жұмыстар жүргізу керектігіне тоқталу.</p>
	<p>Тақырып 4.6 Жазу кезінде дұрыс отыру <i>1сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Жазу кезінде дұрыс отыру, денені тік ұстау, аяқты, қолды ережеге сай ұстау туралы ақпараттар беру.</p>

	<p>Тақырып 4.7 Қаламды таңдау, қаламды дұрыс ұстау ережелері <i>1сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Баланың қолына, саусақтарының, бұлшық еттерінің дамуына байланысты ыңғайлы қалам таңдау, оны дұрыс ұстау ережелерімен таныс болу.</p>
	<p>Тақырып 4.8 Бұлшық ет тонусын жақсартуға арналған жаттығулар <i>1сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Баланың дұрыс жазуында маңызды роль атқаратын қол бұлшықеттерін дамытатын жаттығулармен таныстыру.</p>
	<p>Тақырып 4.9 Энергетикалық қиындықтарға арналған жазу жаттығулар <i>1сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Энергетикалық блок жұмысын жақсартатын жазуға арналған жаттығулармен таныс болу, практикада қолдану жолдану үйрену.</p>
	<p>Тақырып 4.10 Кинестетикалық ақпаратты өңдеуде әлсіздік белгілері пайда болған баламен жүргізетін түзету жұмыстары <i>2сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Кинестетикалық ақпараттарды өңдеуге арналған жаттығулар, оларды практикада қолдану жолдары.</p>

	<p>Тақырып 4.11 Есту және көру арқылы ақпаратты қабылдау, өңдеу және сақтау функцияларының әлсіздігі <i>1 сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Есту және көру арқылы ақпараттарды қабылдау әлсіздігі бар балалармен жүргізілетін түзету жұмыстары.</p>
	<p>Тақырып 4.12 Есту және сөйлеу арқылы есте сақтау қабілетінің әлсіздігі <i>2сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Есту және сөйлеу арқылы есте сақтау қабілетінің жетіспеушілігінің көрінісі, түзету жұмыстары</p>
	<p>Тақырып 4.13 Ауызша және жазбаша тапсырмалардың үлгілері, әлеуетті ашу жүйесін дамыту ойындары <i>2 сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Ауызша және жазбаша тапсырмалар үлгілері мен мысалдары, практикада қолдану.</p>
	<p>Тақырып 4.14 Көру арқылы ақпаратты өңдеудің тапшылығы <i>1сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Көру арқылы ақпарат қабылдау деңгейін анықтау, бұзылыстардың шешу жолдарын үйрену.</p>
	<p>Тақырып 4.15 Көрнекі бейнелерді тану және саралау тапсырмаларының мысалдары <i>1сағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Көру арқылы бейнелерді қабылдау деңгейін анықтап, бұзылыстардың түзету жаттығуларын дұрыс орындауға үйрену.</p>

	<p>Тақырып 4.16 Кітаптарға шолу 1 сағат</p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Жазу оңай курсы бойынша пайдаланатын дәптерлерге, кітаптарға шолу жасау, қорытындылау.</p>
<p>5 – модуль Математика курсы</p>	<p>Тақырып 5.1 Математика бойынша проблемалардың шығу себептері және оның шешімі, кіріспе бөлім 1сағат</p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Бастауыш сынып оқушыларының математикасында кездесетін қиыншылықтармен таныс болу, оларды шешу жолдары.</p>
	<p>Тақырып 5.2 Дискалькулия, оның түрлері 1сағат</p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Бастауыш сынып оқушыларының математикада кездесетін бұзылыстар, оның түрлері және шешу жолдары.</p>
	<p>Тақырып 5.3 Реттік санау 1сағат</p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>1 ден 10 ға дейінгі, 1 ден 100 ге дейінгі дыбыстарды түрлі жаттығулармен санауға үйрету.</p>
	<p>Тақырып 5.4 Сандардың графиктік бейнесі 1сағат</p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Сандарды заттарға ұқсата отырып, графикалық жаттығулар арқылы бейнелеуге үйрету.</p>

	<p>Тақырып 5.5 Сандар қатары, сандар құрамы <i>Ісағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып сандардың қатарын және сандардың құрамын үйрету жолдары.</p>
	<p>Тақырып 5.6 Санау дағдысын іске асырудағы қиындықтар, қосу, азайту <i>Ісағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып сандарды санауда, қосу мен азайтуда жіберетін қиыншылықтарды анықтау, оларды шешу жолдары.</p>
	<p>Тақырып 5.7 Санау дағдысын іске асырудағы қиындықтар, қосу, азайту, сандарды салыстыру <i>Ісағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып сандарды санауда, қосу мен азайтуда жіберетін қиыншылықтарды анықтау, оларды шешу жолдары.</p>
	<p>Тақырып 5.8 Көбейту кестесін тиімді жаттау жолдары <i>Ісағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып сандарды санауда, қосу мен азайтуда жіберетін қиыншылықтарды анықтау, оларды шешу жолдары.</p>
	<p>Тақырып 5.9 Мәселе есепті шығарудың тиімді жолы <i>Ісағат</i></p> <p><i>Қысқаша мазмұны:</i></p> <p>Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып мәселе есепті оңай шығару жолдарын үйрену</p>

	Тақырып 5.10 Түзетуге арналған материалдарға шолу <i>2сағат</i>  <i>Қысқаша мазмұны:</i>  Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып мәселе есепті оңай шығару жолдарын үйрену
<b>Жиынтық бағалау</b>	Қорытынды тестілеу. <i>2 сағат</i> Жобаға дайындық және қорғау. <i>4 сағат</i>

## Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курстары 2 апта бойы 80 академиялық сағат ұзақтығымен күндізгі және онлайн оқыту түрінде ұйымдастырылады.

Оқытудың негізгі әдістері: интерактивті лекция, семинар, вебинар, практикалық жұмыс, ситуациялық тапсырмаларды талдау және орындау, оқу және қосымша әдебиеттермен жұмыс, презентация.

Бұл курсты меңгеруде басты орын алатын тапсырмалардың бірі практикалық жұмыстар: диагностика жасау арқылы баланың оқуындағы бұзылыстарды және олардың себебін анықтау, оны шешу үшін тапсырмалар дайындау.

## 7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

### Модуль 1 Кіріспе

1. *Модульдің өзектілігі.* Баланың дамуына әсер етуші факторларды ескере отырып, оның дамуында кездесетін бұзылыстарды анықтау

*Модуль міндеттері:*

1. Нейропедагогика ұғымын таныстыру;
2. Баланың психологиялық, эмоционалды, физиологиялық дамуын білу.

*Күтілетін нәтижелер*

Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

- Баланың дамуында кездесетін бұзылыстардың себебін біледі;
- курстың негізгі мазмұнын, оның мақсаты мен міндеттерін біледі

Модуль	Сабақ түрі,	Негізгі мазмұн	Нәтижелер (бағаланған)
--------	-------------	----------------	------------------------

тақырыптары	оқыту әдістері және сағат саны		дағдылар)
<p>Тақырып 1.1 . Бастауыш сыныпта оқитын баланың физиологиялық, психологиялық, эмоционалдық дамуы</p>	<p>Семинар 1 сағат</p>	<p>Баланың дамуында кездесетін бұзылыстармен және олардың оқуға тигізетін әсерімен таныс болу.</p> <p>Білім беру ұйымдарындағы педагогтердың мемлекеттік стандарт аясында нейрожаттығуларды енгізу жолдары.</p> <p>Курс мазмұнына, мақсат, міндеттеріне шолу.</p>	<p>Қазақстандағы қазіргі білім беруді дамытудың негізгі тенденцияларын анықтай алады.</p> <p>Халықаралық зерттеулердің нәтижелерін талдап, кемшіліктерді жою жұмыстарын жоспарлайды.</p> <p>.</p>
<p>Тақырып 1.2. Ми бөліктері</p>	<p>Семинар 2 сағат</p>	<p>Ресейлік нейропсихолог А.Р. Лурияның зерттеуі бойынша ми бөліктері, олардың қызметі және оқушының білім алуына әсері</p>	<p>Энергетикалық блок, қабылдау, талдау, сақтау функцияларын, ақпаратты әрекетке пайдалану маңызын және қай ми бөлігі оқудағы қандай қиындықтарға әкеліп соғатынын түсінеді</p>

## Модуль 2. Диагностика

*Модульдің өзектілігі.* Баланың оқудағы бұзылыстарын және оның шығу себептерін анықтау.

*Модуль міндеттері:*

1. Педагогикалық диагностика жасау арқылы баланың оқудағы бұзылыстарын анықтау;

2. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып бала дамуының этаптарын түсіну

*Күтілетін нәтижелер.*

Курсты аяқтағаннан кейін білім алушылар:

- сапалы диагностика жасай алады;

- баланың психотипін анықтай алады;

- ата-анасымен кеңесе отырып баланың ары қарай дұрыс дамуын бағдарлай алады

-мәлімдемелерді, дәлелдерді және көзқарастарды қолдау үшін қолданылатын дәлелдемелерді талдау және бағалау дағдыларын дамыту үшін жұмыс әдістері туралы білімін көрсету

-практикалық тапсырмалар мен ситуациялық мәселелерді жобалау

<b>Модуль тақырыптары</b>	<b>Сабақ түрі, оқыту әдістері және сағат саны</b>	<b>Негізгі мазмұн</b>	<b>Нәтижелер (бағаланған дағдылар)</b>
Тақырып 2.1. Педагогикалық диагностика	Семинар 2 сағат	Диагностика жасау этаптарын меңгерту: зейін, есту арқылы, көру есте сақтауының дамуы, денесін игеруі, басқаруы туралы мағлұматтар беріледі	Баланың психологиялық дамуына нұқсан келтірмей, сапалы педагогикалық диагностика жасап, баланың дамуы мен оқуындағы

			бұзылыстарды анықтай біледі
Тақырып 2.2. бала дамуы	Семинар 2 сағат	Түрлі зерттеулерге сүйене отырып баланың физиологиялық, психологиялық дамуын тану, эмоцияналдық жай-күйін бақылау	Баланың дамуын анықтап, талдай алады.
Тақырып 2.3. Бала психотипін анықтау	Семинар 2 сағат	Баланы бақылай отырып, түрлі тапсырмалармен жұмыс жасап оның психотипін, яғни аудиал ма, визуал ма, кинестетик екенін анықтай білу және олармен жасалатын жұмыс түрлері	Ата-анамен тікелей байланыста болу, баланың қабілетіне қарай оқыту тәсілдерін беруді үйренеді

### Модуль 3 Оқу дегеніміз не?

1. *Модульдің өзектілігі.* Оқуда кездесетін бұзылыстарды түзету жұмыстарын жүргізу

*Модуль міндеттері:*

1. Бала зейінін шоғырландыру;
2. Ақпаратты қабылдауы, оны талдау, мида сақтай білуіне арналған жұмыстар жүргізу.

*Күтілетін нәтижелер*

Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

- Баланың дамуында кездесетін бұзылыстардың шешу жолдарын біледі

Модуль	Сабақ	Негізгі мазмұн	Нәтижелер
--------	-------	----------------	-----------

тақырыптары	түрі, оқыту әдістері және сағат саны		(бағаланған дағдылар)
Тақырып Оқуда кездесетін бұзылыстар, оны шешу	Семинар, практика, талдау 34 сағат	Әріпті тану, дыбысты дұрыс айту, дұрыс оқу, буындап оқу, сөздерді қатесіз оқу, түсініп оқу, жылдам оқу, жаттау, тб оқудағы қиындықтарға тоқталу	Баланың оқуда кездесетін бұзылыстарымен таныс болу, оны түзету жұмыстары

#### Модуль 4 Жазу курсы

1. *Модульдің өзектілігі.* Жазуда кездесетін бұзылыстарды анықтау, түзету жұмыстары

*Модуль міндеттері:*

1. Жазуда кездесетін бұзылыстарды анықтау;
2. Бұзылыстарын себептерін талдап, оны түзету жұмыстары
3. Ұсақ және ірі моторикамен жұмыс

*Күтілетін нәтижелер*

Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

– Баланың дамуында кездесетін бұзылыстардың шешу жолдарын біледі

Модуль тақырыптары	Сабак түрі, оқыту әдістері және сағат саны	Негізгі мазмұн	Нәтижелер (бағаланған дағдылар)

Тақырып Жазуда кездесетін бұзылыстар, оны шешу	Семинар, практика, талдау 23 сағат	Әріпті тану, дыбысты және оның элементтерін дұрыс жазу, сөздерді қатесіз жазу, көшіріп жазу, жылдам әрі таза жазу, тасымалдау, тб жазудағы қиындықтарға тоқталу	Баланың жазуда кездесетін бұзылыстарымен таныс болу, оны түзету жұмыстары
--	---------------------------------------	---	---

## Модуль 5 Математика курсы

1. *Модульдің өзектілігі.* Математикада кездесетін бұзылыстарды анықтау, түзету жұмыстары

*Модуль міндеттері:*

1. Математикада кездесетін бұзылыстарды анықтау;
2. Бұзылыстарын себептерін талдап, оны түзету жұмыстары

*Күтілетін нәтижелер*

Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

– Баланың дамуында кездесетін бұзылыстардың шешу жолдарын біледі

Модуль тақырыптары	Сабақ түрі, оқыту әдістері және сағат саны	Негізгі мазмұн	Нәтижелер (бағаланған дағдылар)
Тақырып Математикада кездесетін бұзылыстар, оны шешу	Семинар, практика, талдау 11 сағат	Сандарды тану, оқи, жаза білуі, сандар құрамы, ауызша қосу және азайту, көбейту және бөлу, мәселе есептерді шығару, логикалық тапырмаларды шығаруда кездесетін бұзылыстарды анықтап, оны түзету тапсырмаларын орындау Әріпті тану,	Баланың жазуда кездесетін бұзылыстарымен таныс болу, оны түзету жұмыстары

		дыбысты және оның элементтерін дұрыс жазу, сөздерді қатесіз жазу, көшіріп жазу, жылдам әрі таза жазу, тасымалдау, тб жазудағы қиындықтарға тоқталу	
Қорытынды сабақ	1 сағат	Білімді талдау, қорытындылау	

## 8. Оқыту нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау сабақ өткізу процесінде – формативті бағалау да, курс соңында – жиынтық бағалауда да оның мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелер негізінде бағдарлама құрастырушылар анықтайтын нысанда жүзеге асырылады.

Қалыптастырушы бағалау.

Қалыптастырушы бағалау білім мен дағдыны аралық бақылау және түзету үшін қолданылады. Ол практикалық тапсырмаларды орындау, тапсырмалар жүйесін құрастыру түрінде жүзеге асырылады.

Тапсырмалар, орындау бойынша ұсыныстар, орындау үлгілері, өзін-өзі тексеру стандарттары, тапсырмаларды бағалау критерийлері біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешеніне енгізілген.

Тапсырмаларды орындау кезінде тыңдаушыларға топтық формада және жеке сұраныстар бойынша кеңес беріледі.

Оқытушы тыңдаушылардың тапсырмаларды кестеге сәйкес орындалуын бақылайды, жұмысты жақсарту, түзеті бойынша ұсыныстар кері байланыс кезінде толық беріліп отырады.

Әр тапсырмада тексеру және өзін-өзі тексеру үшін орындау эталондары немесе бағалау критерийлері беріледі.

Өзіндік жұмыс практикалық тапсырмаларды жоғары деңгейде орындауға, бірқатар дәйекті іс-әрекеттерді жүзеге асыруға бағытталған: тақырыпты түсіндіруде іс-әрекеттер алгоритмін түсіндіру, зерттелетін тақырып аясында білім

алушыларға арналған тапсырмаларды, жаттығуларды, шағын тренажерларды, тесттерді өз бетінше таңдау, құру.

## 9. Курстан кейінгі қолдау

Бағдарламаның негізгі бөлімін аяқтағаннан кейін тыңдаушыларға қолжетімді курстан кейінгі қолдауға арналған әрекеттер тізімі.

Курстан кейінгі көмекші іс-әрекет түрлері

Түрі	Мақсаты	Мазмұндық қызметтері
Жеке қажеттіліктер бойынша кеңес беру.	курстан кейінгі қолдау	нақты мәселелерді шешу бойынша жеке кеңестер беру; сабақты жоспарлау бойынша тақырыптық кеңестер беру, сараланған тапсырмаларды құрастыру және т.б.
Топтық талдау	1 жылға курстан кейінгі кезеңге тыңдаушылар тобының ортақ мақсатын әзірлеу.  сандық және сапалық көрсеткіштердің көрсеткіштерін анықтау;  курстан кейінгі іс-шаралардың қорытындысын шығару.	Практика кездегі негізгі проблемаларды анықтау және олардың себептерін талдау;  өзгертуді қажет ететін салаларды талдау;  мақсаттарға жетуге ықпал ететін күшті жақтарын білу;  курстан кейінгі қолдау арқылы сандық және сапалық өзгерістер көрсеткіштерін әзірлеу;
Форум (веб-конференция)	курстан кейінгі қолдау көрсету, белгілі бір тақырыптағы педагогтар қауымы	мұғалімдер кеңеседі, тәжірибе алмасады, бір-біріне көмектеседі.

	бірлестігі.	
Семинар (вебинарлар)	әдістемелік, консультациялық көмек көрсету.	оқу немесе ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша мұғалімдер жасаған баяндамалар мен жобаларды талқылау.
Ортақ сабақты жоспарлау	курстан кейінгі қолдау көрсету, мұғалімнің қажеттіліктері мен қиындықтарын анықтау.	сабақты жоспарлау бойынша жеке кеңестер беру.

## 10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

### Негізгі әдебиет:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (14.07.2022 ж. өзгертулер мен толықтырулармен) URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30118747](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747) .

2. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқаулық хаты.

3. ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 13 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Әліппе», «Ана тілі», «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Математика» пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары

### Қосымша әдебиет:

1. «Педагогика» Мағжан Жұмабаев, 1922 ж
2. «Баланы тәрбиелеме, өзінді тәрбиеле» Елжас Ертайұлы, электронды кітап, 2022 ж
3. «Нейропсихологические занятия с детьми», практическое пособие, 1-2

бөлім, В.С.Колганова, Е.В.Пивоварова, Москва – 2015, 2017

4. «Кемеңгер» балалар жадын дамыту онлайн мектебінің әдістемелік кітаптары
5. «Язык и сознание» А.Р.Лурия, Питер- 2022
6. «Основы нейропсихологии» А.Р.Лурия, Питер- 2018
7. «Высшие корковые функции человека» А.Р.Лурия, Питер-2018

### **Интернет ресурстар:**

1. Нейрогимнастикалық жаттығулар  
[Нейрогимнастикалық жаттығулар. 1 сабақ. Нейрогимнастика. - YouTube](#)
2. Нейрогимнастика презентациясы  
[Презентация на тему "Нейрогимнастика " \(infourok.ru\)](#)